КОЛИЧЕСТВО ИННОВАЦИОННЫХ ВАГОНОВ РАСТЕТ С КАЖДЫМ ДНЕМ, УВЕЛИЧИВАЮТСЯ МЕЖРЕМОНТНЫЕ ПЕРИОДЫ. ОДНАКО НЕЛЬЗЯ ЗАОСТРЯТЬ ВНИМАНИЕ ТОЛЬКО НА ХОДОВОЙ ЧАСТИ, ПОМИМО ЭТОГО ЕСТЬ И ДРУГИЕ УЗЛЫ И ДЕТАЛИ. НЕОБХОДИМО ВВЕСТИ СИСТЕМУ ПЛАНОВО-ПРЕДУПРЕДИТЕЛЬНОГО РЕМОНТА ЧЕРЕЗ ОПРЕДЕЛЕННОЕ ВРЕМЯ, ЧТОБЫ ДЕЛАТЬ РЕВИЗИЮ ТОРМОЗНОГО И АВТОСЦЕПНОГО ОБОРУДОВАНИЯ, КОРПУСА



Сакен ТУЛЕБАЕВ,
генеральный директор ТОО «Қамқор Вагон»


№52 (2660)
13/07/2021
rail-news.kz

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА




## БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2021 жылдың қаңтар-маусым айларында жүк тасымалы көлемін өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,5%, яғни 126 млн.тоннаға дейін ұлғайтты. Ел ішінде 81 млн. тоннадан астамы тасымалданса, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 2,4% жоғары. Экспортқа 44,7 млн. тонна тиеліп, өткен жылға қарағанда өсім 5,5% құрады.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Нұр-Сұлтан

Бірінші жартыжылдықта тас көмір тиеу 51,5 млн тоннаны құрады – бұл өткен жылдың 6 айымен салыстырғанда 4% артық. Оның ішінде республика бойынша 36,3 млн. тоннасы тасымалданса, өткен жылға қарағанда өсім 8,9%.

ҚТЖ желісінде екінші әлеуметтік маңызы бар жүк – астық тиеу 2020 жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда 11,5%-ға өсті, және де 4,7 млн тоннаны құрады. Экспортқа 3,5 млн тонна жөнелтілді, бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 19% артып отыр.

Өткен жылға қарағанда қара металдарды тиеу көлемі – 9,5%-ке 2,6 млн тоннаға дейін, мұнай жүктері 7,4%-ке 8,5 млн тоннаға дейін ұлғайды. Темір кенін тиеуде оң қарқын байқалды –9,1% - ке, 13,7 млн.тоннаға дейін өсім болды.

Есепті кезеңде түсті кенді тиеу 2020 жылғы қаңтар-маусым деңгейінде қалды және 11,3 млн тоннаны құрады.

2021 жылғы маусымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша жүк тиеу 21,2 млн. тоннаны құрады, бұл өткен жылғы маусым деңгейінен 2,9% - ке жоғары.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ПЛАНОМЕРНЫЕ ПРОВЕРКИ

**В период с 17 июня по 16 июля на территории железнодорожных вокзалов Казахстана проводится операция по искоренению спекуляции билетами.**

Комитет транспорта Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК (МИИР РК) подвел итоги проверок подвижного состава и железнодорожной инфраструктуры за 5 месяцев 2021 года. Всего органами транспортного контроля за этот период проверено состояние более 6 730 километров железнодорожных путей, 3 874 единицы подвижного состава, 149 предприятий, имеющих отношение к железнодорожной деятельности.

С 1 января по 1 июня текущего года на железной дороге РК зарегистрировано 509 случаев нарушения безопасности движения (2 крушения, 1 авария, 126 событий, 380 инцидентов). Основными причинами ревизоры назвали ненадлежащее соблюдение технического состояния путей и подвижного состава.

По итогам проведенной инспекции приостановлена эксплуатация 314 железнодорожных путей и стрелочных переводов, 246 единиц подвижного состава. В ходе проверок зафиксировано 2 359 нарушений требований нормативно-правовых актов, регламентирующих деятельность железнодорожного транспорта. Сумма наложенных штрафов составила почти 28 миллионов тенге.

В том числе было проверено 385 пассажирских поездов, где специалисты Комитета транспорта МИИР РК выявили 818 нарушений действующих Правил перевозок пассажиров: 513 – по технической части, 18 – по противопожарной безопасности. Нарушители оштрафованы на 6,2 миллиона тенге. Также 96 вагонов были отставлены на ремонт из-за обнаружения дефектов в боковых рамах колесных тележек.

*Асель ШАЙХЫНОВА, Нур-Султан*

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ЕЖЕГОДНО ПРЕДПРИЯТИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО КЛАСТЕРА ПРОИЗВОДЯТ

**200 тысяч**

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ КОЛЕС РАЗЛИЧНОГО РАЗМЕРА

ДО КОНЦА 2021 ГОДА АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ВВЕДУТ В ЭКСПЛУАТАЦИЮ ДОПОЛНИТЕЛЬНО

**62**

ВАГОНА TALGO

В ПЕРВОМ ПОЛУГОДИИ 2021 ГОДА ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ПО МАРШРУТУ КИТАЙ – ЕВРОПА – КИТАЙ НА ТРАНЗИТНЫХ СЕРВИСАХ АО «ОТЛК ЕРА» ДОСТИГ

**336,5**

ТЫС. ДФЭ

## Инфраструктура

## ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ РЕЗЕРВЫ

**Тестовые отправки контейнерных поездов из Китая в Европу с задействованием нового терминала на станции Достык осуществило совместное предприятие железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА».**

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Вовлечение в процесс перегрузки контейнеров из Китая на колею 1520 мм нового терминала ТОО «Достык ТрансТерминал» на приграничной инфраструктуре, примыкающей к станции Достык, существенно улучшило движенческую ситуацию на этом участке железной дороги и создаст дополнительные резервы пропускной способности на сервисах ОТЛК ЕРА.

Пилотные отправки в июне показывают хорошие результаты, что особенно важно в период, когда объемы демонстрируют рекордные показатели, а инфраструктура работает в режиме максимальной загрузки.

– Достык ТрансТерминал – современный инфраструктурный проект с очень интересной стратегией развития. Это новые возможности, новый потенциал и новые объемы перевозок на маршруте Китай – Европа – Китай. А новые объемы требуют создания резервов: и по пропускной способности, и по новым технологиям. Все это напрямую влияет на скорость обработки контейнеропотока, что крайне важно для повышения конкурентоспособности нашего сервиса, – отметил генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

Он добавил, что в настоящее время технология проводки и обработки контейнерных ускоренных поездов с задействованием площадки терминала на станции Достык находится в стадии апробирования.

Стоит отметить, что терминал Достык ТрансТерминал предназначен для перевалки грузов и контейнеров с узкой на широкую колею, консолидации грузов по видам транспорта. Кроме того, здесь обеспечивается обработка и формирование маршрутных контейнерных поездов, выполнение складских и терминальных операций. Целевая мощность проекта – 700 тысяч ДФЭ. Выход на целевой показатель запланирован в четыре этапа, первый из которых, мощностью 160 тысяч ДФЭ, уже реализован.

– Нам еще придется проанализировать пилотные отправки, донастроить совместную технологию. Но главное очевидно – новый терминал предоставляет новые точки роста и широкие возможности для ключевых участников процесса перевозок, – говорит Алексей Гром. – Сейчас очень важно интегрировать эти возможности в единую сквозную транзитную технологию, которая позволит обеспечить необходимое развитие. Объемов не становится меньше, есть хорошие динамика и потенциал для развития. Нам вместе с партнерами необходимо создавать резервы для будущего роста.



БҮГІНГІ КҮННІҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕСІ ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ. ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ОСЫ МӘСЕЛЕГЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ОСЫ МАҚСАТТА СТАНЦИЯ ЖӘНЕ ЖОЛ АРАЛЫҚТАРЫНДА, ЖОЛ БОЙЫНДА АРАМШӨПТЕРДІ ШАБУ ЖӘНЕ ТЕМІРЖОЛ ТӨСЕМІНЕ ЖАҚЫН ЖЕРДЕ БҰТАЛАРДЫ КЕСУ ШАРУАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. БҰЛ ЖҰМЫСТАР ҚАЗАН АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАТЫН БОЛАДЫ

**Болат БАЙМАҒАМБЕТОВ,**
Қостанай магистральдық желі бөлімшесінің директоры

## ҚАУІПСІЗДІГІН ТЕКСЕРДІ

**ҚР ИИДМ Көлік комитеті жыл басынан бергі бес ай ішінде жылжымалы құрам мен теміржол инфрақұрылымына жүргізілген тексеру жұмысын қорытындылады.**

Осы кезеңде көліктік бақылау органдары темір жолдың 6730 шақырымнан астамын, жылжымалы құрамнан 3874 пойызды, теміржол қызметіне қатысы бар 149 кәсіпорынның жай-күйін тексерді. Жыл басы 1 қаңтардан 1 маусымға дейін теміржолда қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 509 жағдайы тіркелген. Аудиторлар қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуының негізгі себептеріне – жолдар мен жылжымалы құрамның техникалық жағдайын дұрыс сақтамауын атап отыр. Инспекция қорытындысы бойынша 314 темір жол және бағыттамалы бұрмалар, 246 жылжымалы құрамды пайдалану тоқтатылды. Тексеру барысында теміржол көлігінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер талаптарының 2359 рет бұзылғаны белгілі болды. Салынған айыппұлдардың сомасы 28 миллион теңгеге жуықтады. Арнайы шара барысында 385 жолаушылар пойызы тексеріліп, жолаушыларды тасымалдау ережелерін бұзудың 818 жағдайы анықталды. Атап айтқанда, техникалық бөлім бойынша – 513, өртке қарсы қауіпсіздік бойынша – 18 кемшілік анықталды. Тәртіп бұзушыларға 6,2 млн теңге айыппұл салынды.

Пәкістанның Пенджаб провинциясында 73 жолаушының өмірін қиған қайғылы оқиғадан кейін, жолаушылар пойыздарында өрт қауіпсіздігінің сақталуын және вагондардың техникалық жай-күйін бақылауды көліктік бақылау органдары ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетінің құрылымдық бөлімшелері және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, мұқият жүргізуде. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР ИИДМ Көлік комитеті жолаушылар пойыздарына билеттердің қолдан жасалған тапшылығын жою бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде. Осы жылы 17 маусым мен 16 шілде аралығында Қазақстан теміржол вокзалдарының аумағында билет алып-сатарлар ісін жою бойынша операция жүргізілуде.

*Ұлан ОРАЗ*

## МЕЖЕ – 10 МИЛЛИОН ТОННА



**Осыдан үш жыл бұрын ұлттық компания басшылығының шешімімен қабылданған көмір тасымалын жазғы маусымнан бастау жобасы өз тиімділігін дәлелдеді. Нәтижесінде соңғы жылдары көрсеткіштер күрт артып, күз бен қыста бұрынғыдай дүрлігіс жоқ.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жүк тиеу және тасымалдауда қатты отынның үлесі жыл сайын артып келеді. Көрсеткіштің басым бөлігін көмір жеткізу құрайды. Сәйкесінше, өндірістегі негізгі жұмыс та осы бағытты қамтиды. Шілде айынан бастап тұрақты түрде тәулігіне ең кемі 280 вагонға көмір тиеп жөнелтілуде. Және бұл көрсеткіш өсу үстінде. Мақсат – аймақтағы жылу орталықтарын қатты отынмен қазіргі күннен бастап толықтай қамтамасыз ету. Күздің қара суығында 420-490 вагон жүкті жолға шығаруға толығымен мүмкіндік туады. «Қаражыра» АҚ-мен арнайы келісім бар. Жоспар бойынша жыл сайын тиелетін көмір санын бір миллионға арттырып, 10 млн. тоннаға жеткізу міндет. Өткен жылы семейлік теміржолшылар көмір тасымалын 8 млн. тоннаға жеткізген болса, биыл 9 млнға арттыруды жоспарлап отыр. Қазіргі есеп бойынша бұл көрсеткіш «иек астында» тұр.

– Маусым айының 11-і күні Дегеленнен көмір тиелген 280 вагон шығарсақ, 12-і күні 350 вагоннан тұратын пойыздарды жолға салдық. Яғни, көмір тасымалы күн санап арту үстінде. Мәселен, осы айдың 11-нен бастап 20-на дейінгі аралықта толықтай тәулігіне 350 вагон көмірге тапсырыс бар, – дейді Семей ЖТ бөлімшесінің шұғыл өкім беру бөлімінің бастығы Қайрат Ибраев.

Бүгінде Дегелең станциясында құрастырылған, көмір тиелген төрт пойыз тұрақты түрде жолға шығарылады. Ескерерлігі, көмір тиелетін жылжымалы құрамдардың барлығы ауыр салмақты болғандықтан пойыз құрастыру ісінде біршама күрделілік бар. Қазіргі күні салмағы 6200 тонналық 63 вагоннан тұратын жылжымалы құрамдар жолға шығарылуда. Яғни, көмір тасымалында тек ауыр салмақты пойыздар ғана рейске шығарылуда. Күз түсе бұл көрсеткіш ұлғайтылуы ықтимал. Биылғы ерекшелік, жыл сайын көмір тиеу бойынша еліміздің оңтүстігіне жөнелтілетін пойыздардың саны көп болса, биыл Беларусь, Украина сынды мемлекеттерге жол тартатын жылжымалы құрамдар көп. Десекте, ең алғашқы кезекте аймақтағы жылу беру нысандары мен тұрғылықты халық үшін әлеуметтік көмір бірінші кезекте жөнелтіледі. Мәселен, шілденің екінші онкүндігінен бастап есепке алсақ, 200 вагон көмір Жаңа-Семей мен Өскемен-1 станцияларына жіберілмек.

Көмір тасымалына орай қазіргі күні бірқатар шаралар қолға алынған. Мысалы, өндіріс бойынша станция басындағы маневрлік жұмыстардың барлығы жеделдетілген түрде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, вагон тапшылығын болдырмау мәселесі күн тақырыбына шығарылған. Осы орайда Семей ЖТ бөлімшесі басшысы Сиязбек Әлішевтың қадағалауымен тұтынушыларды көмірмен тұрақты қамтамасыз етуде вагондарды уақытында жинап алу, бос вагондардың кіреберіс жолдарда тұрып қалуына жол бермеу, сондай-ақ, көршілес мемлекеттерден келген вагондардың станция басында кептеліс тудырмай дер кезінде қайтарылуын қамтамасыз ету мәселелері алға қойылуда.

*Суретті түсірен автор*

КТ rail-news.kz

№52 (2660) 13/07/2021

# ӨЗ ӨМІРІҢЕ ҚАУІП ТӨНДІРМЕ

Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент

РЕЙД

**«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Түркістан филиалының Шымкент станциясындағы Шұғыл әрекет ету оңтайлы тобының ұжымы «Теміржол қауіпті аймақ» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын өткізді.**



«ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабының 1-2 тармағына сәйкес карантин шараларының талабына байланысты кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің беймезгіл уақытта жүруіне шектеу жасалғаны баршамызға мәлім. Құқық бұзу әрекеттері көбіне түнгі уақыттарда орын алатындықтан рейд барысында мұны да ескерттік. Бір сағат шамасында қызметтік өткел арқылы 20 шақты жүргінші өтті. Негізінен осы жол жағалап, құлағына құлаққап киіп жүретіндер өте қауіпті болып тұр. Сондықтан олармен де түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде», – деді «ӘТЖК» Шұғыл әрекет ету оңтайлы топ бастығының орынбасары Бахытжан Сыздықов.

Қауіпті аймақ саналатын теміржол бойын жағалай бейсауат жүретін жандарға ескерту, сақтандыру, қылмыстық оқиғаның алдын алу, теміржол желісінде азаматтардың бақытсыз жағдайға душар болып, жарақаттануының алдын алу мақсатында Шұғыл әрекет ету оңтайлы тобы мамыр мен маусым айларында Индустриалды инновациялық колледж бен теміржол маңына орналасқан М.Мақатаев атындағы орта мектепте де жиын өткізіп, каникулға шығатын балаларға арнайы дәріс оқыды. Әскери күзетшілер жасөспірімдерге қауіпсіздік шараларын орындап, бағдаршамдарға, теміржол сигналдарына көңіл бөлуге, арнайы өткелдер арқылы жүрулерін, құлақтарына құлаққап секілді заттарды тақпау және аса қауіпті аймақтан өткенде өте сақ болу керектігін, тыйым салынған жерлерден теміржолды кесіп өтуге әрекеттенудің салдары адам өміріне қауіпті әрі құқық бұзушылық болып саналатындығын түрлі мысалдармен түсіндіріп, «шалыс басқан әрбір әрекетің, алдымен өз өміріңе қауіпті» деп ескертті.

*Суретті түсірген автор*

# ТЕХНИКАЛЫҚ САБАҚТАР ТИЯНАҚТЫ ӨТЕДІ

Асхат РАЙҚҰЛ, Жамбыл

ЛОКОМОТИВ

**Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде бекітілген жоспарға сәйкес локомотив бригадаларының стандартты емес жағдайдан шығу бойынша іс-қимылдары техникалық сабақтарда үнемі пысықталып тұрады.**

Қолданыстағы бұйрықтарды, нұсқаулықтарды, лауазымдық міндеттерді орындау барысы да назардан тыс қалмайды. Ай сайын жол дистанциясы, сигнал беру және байланыс дистанциясы, электрмен жабдықтау дистанциясымен бірлесіп, «Жолдағы адам» ақпарат жүйесі, автоматты локомотивтік сигнал беру кодтарының істен шығуы бағыттарындағы жұмыс нәтижелері қаралады. Жыл басынан бері Тараз, Шу станцияларында тұрғындар арасында темір жол бойында жүріп-тұру, мал жаю қағидалары туралы бірнеше түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Локомотив бригадаларымен бірге техникалық сабақтарда пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін бұзу мен қозғалыс кестесіндегі кідірістер жағдайы мұқият зерделеніп тұрады. Сонымен қатар, локомотивтердің техникалық базасын көтеру және олардың мәдени және эстетикалық ахуалын жақсарту үшін профилактикалық іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады.

Биылдыққа локомотив бригадаларының лауазымдық міндеттерін орындау аясындағы маневрлік жұмыстарды жүргізу кезінде және қызмет көрсету учаскелеріне, оның ішінде шалғай станцияларға 12 рет кенеттен тексеру шаралары жүргізіліпті. Оның барысында 16 бұзушылық анықталып, кінәлілер тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Ақпан наурыз айларында «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС-нің барлық филиалдарында «Вагонның (тұтқалардың, сатылардың, алаңдардың) технологиялық жабдықтарының жарамдылығы» айлығы өткізілген. Сонымен бірге Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы аясында ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі міндетті медициналық қарап-тексерулерді өткізу қағидалары мен кезеңділігі пысықталған. Сондай-ақ, Жамбыл депосы бойынша локомотивтерді қажетті құралдармен, жөндеу жиынтықтарымен қамтамасыз ету үшін локомотив паркін бір жолғы тексеру жүргізілді. Бұл шара аясында локомотивтерді, оның ішінде кабина мен машина бөлігін жарықтандыру шамдарымен, жарық таблоларымен, прожекторлық шамдармен қамтамасыз ету назарға алынған. Ал жақында депо бойынша командалық-инструкторлық құрамның күшімен локомотив бригадаларына нұсқаулықтар өткізілген. Онда пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің бұзушылықтарына жол берілген ситуациялық схемалар егжей-тегжейлі таныстырылған. Жалпы, локомотив бригадаларына арналған техникалық сабақтарда пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін бұзу және қозғалыс кестесіндегі іркілістер жағдайлары тұрақты талданады. Локомотив бригадалары теміржол өтпелеріне жақындаған кезде әрбір 10-15 секунд сайын және өткелдер мен қауіпті орындардан өткенге дейін дыбыстық сигналдар беруі қадағалады.

## Сұхбат

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметкерлерінің әл-ауқатын жақсартуға және жұмысшыларға қолайлы жағдай жасауға әрдайым көңіл бөліп келеді. Әлеуметтік саясатты қолдау аясында түрлі бағдарламалар қабылданған. Соның бірі – Ерте зейнетке шығу бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсат-міндеті туралы бүгін Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Саян Сыздықов әңгімелеп береді.**



# ЕРТЕ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҮМІТКЕР КІМ?

Сұлугүл БАКЕСОВА, Нұр-Сұлтан

**– Саян, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ еліміз бойынша 120 мыңнан астам адамды еңбекпен қамтып отырған ірі жұмыс беруші компания. Қызметкерлерді жұмыспен қамту өз алдына, олардың алдында әлеуметтік қолдау көрсету жауапкершілігі тағы бар. Осы ретте, компанияның әлеуметтік саясаты және соның шеңберінде жүзеге асып жатқан Ерте зейнетке шығу бағдарламасы туралы айтып берсеңіз...**

– «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның басты байлығы – ол қызметкерлері. Олардың әл-ауқаты жақсы болғанда ғана, компания жұмысы алға өрлейтіні анық. Сондықтан компания теміржолшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсы болуына барынша қолдау көрсетіп келеді. Оның үстіне, Компанияда жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау мен еңбек заңнамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге арналған Ұжымдық келісім-шарт бар. Бұл құжат әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын қамтып, компания қызметкерлеріне берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Әлеуметтік қолдау көрсету бағытында іске асып жатқан бағдарлама, жеңілдіктердің бәрі осы құжатта тайға таңба басқандай жазылған. Сондай жеңілдіктің біріне, Компания Басқармасының шешімімен 2019 жылдың 3 қазанында қабылданып, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырыла бастаған Ерте зейнетке шығу бағдарламасын атар едік.

**– Бұл бағдарламаның мақсаты не және ол бойынша ерте зейнетке шығу мүмкіндігіне кімдер ие бола алады?**

– Ерте зейнетке шығу бағдарламасының басты мақсатына келсек, ол зейнеткерлік жасына таяп қалған қызметкерлердің лауазымдық қызметі қысқартуға ұшырап, табыссыз қалған жағдайда, материалдық қолдау көрсету. Жалпы, бұл бағдарлама күрделі еңбек жағдайы мен денсаулығына байланысты зейнет жасына таяп қалған жұмысшылар арасында ерекше сұранысқа ие. Алайда, бағдарламаны іске асыруға көзделген бюджеттің азаюына байланысты ерте зейнетке шығару Қағидаларына бірқатар өзгерістер енгізілгенін айтар едім. Оған сәйкес бағдарламаға қатысудың негізгі талабы штат бірлігін қысқарту ғана емес, сонымен қатар зейнетақы алдындағы қызметкерді одан әрі жұмысқа орналастырудың мүмкін еместігі есепке алынатын болды.

**– Сонда қалай? Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын арнайы шарттар бар ма? Нақты мысалдармен түсіндіріп берсеңіз...**

– Яғни, Ұлттық компания зейнеткерлік жасқа таяп қалған және қызметі қысқарып қалған қызметкерлеріне ҚТЖ тобында жұмыспен қамту арқылы табыс табу жолын ұсынады. Мәселен, қызметтерді аутсорсингке беру шеңберінде ҚТЖ тобына қызмет көрсететін басқа ұйымдарға жұмысқа орналастыруға немесе ҚТЖ тобымен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт жасасуды ұсынса, онда бұл бағдарламаға ол қызметкерлер қатыса алмайды. Осы ретте, біз зейнеткерлік жасы алдындағы барлық қызметкерлерді үш негізгі объективті себеп бойынша бос лауазымдарға жұмысқа орналастыруға болмайтынын атар едік. Біріншісі, денсаулық жағдайына байланысты қызметкер басқа лауазымға орналаса алмайды (бұл тиісті медициналық мекеменің қорытындысымен расталады). Екіншісі, жұмыскер босатылған өңірде лайықты бос лауазымдардың болмауы және жұмыскердің басқа өңірге көшуінің объективті мүмкіндігінің болмауы (ол филиалдың/еншілес ұйымдардың жұмыс тобының тиісті қорытындысымен расталады). Үшіншісі, ұсынылып отырған бос лауазымдарға жұмыскер біліктілігінің жеткіліксіздігі және қызметкерді қайта даярлауда мүмкіндіктің болмауы (ол филиалдың/еншілес ұйымдардың жұмыс тобының тиісті қорытындысымен расталады). Бұл ретте, түпкілікті шешімді филиалдың/еншілес ұйымдардың жұмыс тобы ұсынған қорытындысын ескере отырып, Орталық комиссия қабылдайтынына назар аударғым келеді. Ал егер зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін 5 және одан да аз жыл қалған, ал ерекше жағдайларда 6 және одан да аз жыл қалған, лауазымдық қызметі қысқартылған қызметкерлер жоғарыда аталған барлық талаптарға сәйкес келетін болса, ол осы қағидалар бойынша босатылуы және ҚТЖ-дан өтемақы алуға үміткер бола алады.

Бағдарламада сондай-ақ, қызметкер жоғарыда көрсетілген шарттарға сәйкес келген жағдайда қызметкердің лауазымын қысқарту есебінен ғана емес, сондай-ақ қызметкерлерді ротациялау (ауыстыру немесе басқа лауазымға ауыстыру) арқылы басқа лауазымды оңтайландыру есебінен ерте зейнетке шығу мүмкіндігі қарастырылған. Нақты мысалға жүгінсек, қазір «ҚТЖ» ҰК» АҚ жаңа тәсілдер мен технологияларды белсенді енгізуде. Мысалы, мобильді диагностикалық кешен (МДК) компанияда жұмыс істеп жатқан 1200-ден астам адамның, яғни дефектоскопиялық арбалар операторларының жұмысын ауыстырды. Осындай алты МДК кешеніне ие бола отырып, біз ел магистралінің барлық ұзындығын бір айда екі рет диагностикалай аламыз. Осылайша, 2020 жылдың соңына дейін біздің алдымызда дефектоскопты арбалардың130-дан астам операторының жұмысын оңтайландыру міндеті тұрды. Оның ішінде 89 адамды басқа бос жұмыс орындарына орналастырдық. Бұл компанияда одан әрі жұмыс істегісі келетін, қайта оқуға және басқа лауазымдарды атқаруға дайын қызметкерлер. Қызметкерлердің көпшілігін ротация арқылы жол монтері лауазымына жұмысқа орналастырдық. Жол жөндеушінің жұмысы – бұл зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдар үшін қиын физикалық жұмыс. Сондықтан зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін 5 және одан да аз жыл қалған, ал ерекше жағдайларда 6 және одан да аз жыл қалған және өз қалауы бойынша компаниядан кетуге дайын жекелеген жол монтерлеріне дефектоскопистердің лауазымдарын қысқарту және оларды жол монтері лауазымына ауыстыру есебінен зейнеткерлікке ерте шығу бағдарламасы ұсынылды.

Дефектоскопты арбалардың операторларынан басқа, осындай жұмыс пошта корреспонденциясының жұмысшыларымен, автокөлік жүргізушілерімен және тағы басқалармен жүргізілді.

**– Ерте зейнетке шығу бағдарламасына іліккен қызметкерлерге төленетін өтемақы мөлшері қандай және ол ҚТЖ зейнеткері болып саналады ма?**

– Өтемақы – еңбек шартын бұзу кезінде саладағы жұмыс өтіліне байланысты бірден төрт лауазымдық айлық ақыға дейінгі мөлшерде біржолғы төлемді қамтиды. Сондай-ақ жәрдемақы мөлшері жұмыс өтіліне, ағымдағы жалақысына және зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі қалған кезеңіне байланысты формула бойынша есептеледі. Жәрдемақы мөлшері 70 мың теңгеден кем болмауы және 200 мыңнан аспауға тиіс. Бізде бағдарламада көрсетілген міндетті бір шарт, ол лауазым қысқарады және қызметкермен еңбек шарты бұзылады. Қазіргі уақытта осы бағдарлама аясында компания тобы бойынша 894 қызметкер жұмыстан босатылды. Сондай-ақ, егер зейнеткерлік жас алдындағы қызметкер Ерте зейнетке шығу бағдарламасының қатысушысы болса, онда ҚТЖ зейнеткері ретінде есепке алынады және компанияның зейнеткерлеріне ұсынатын жеңілдіктерді толық пайдалана алады.

# АТЫРАУ МЕН АСТРАХАНЬ АРАСЫНДА...

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

**Ганюшкино станциясы өткен ғасырдың 70-ші жылдары Атырау-Астрахань темір жолы пайдалануға берілген кезде құрылған. Ресейдің Астрахань облысына небәрі 80 шақырым қашықта орналасқан үлкен станция. Бұрынғы Ганюшкино ауылы бүгінде Аққөл болып өзгергенімен, станция атауы сол қалпы. Шекараға жақын шалғай бекет жарты ғасырдан астам уақыт теміржолға мінсіз қызмет етіп келеді.**

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Бүгінде станцияда 12 жол бар. Жұп паркте сегіз жол, тақ паркте төрт жол. Ең ұзыны 1735 метрді құрайды. Ал станция жолдарының мұндай ұзын болуы маневрлік жұмыстар жасауға қолайлы, сондықтан мұнда пойыздардың тұрып қалуы сирек. Бірақ кейде жүк түсіретін кранның болмауы немесе ауыр жүктерді түсіру баяу орындалатындықтан, ара-тұра ондай жағдайлар болып тұрады. Станциядан тәулігіне 17,5 жұп пойыз өтеді. Негізгі өткізу қабілеті тәулігіне 20 жұп пойыз, бірақ қазір бұрынғыдай вагон ағыны жоқ.

Станция бастығының орынбасары Исатай Баяровтың айтуынша, өткен бес айда орташа тәуліктік пойыз қабылдау 17, жөнелту 16,9 болған. Құрманғазы ауданы өндірістік аймақ емес, сондықтан мұнда жүк тиеу көлемі аз, бес айда 0,25 вагон, 8,43 тонна, ал жүк түсіру 11,0 вагонды құраған. Дегенмен, жоспардан тыс 39 вагон тиелген, тоннаға шаққанда 1274 тн. Вагонның статистикалық салмағы 32,7 тн/ваг. Жалпы, 5 айда станцияда пойыздардың кестеден ауытқуы болмаған.

Шекараға жақын болған соң станцияда жұмыс қауырт. Станция басшылығы күнделікті қанша вагон келді, қаншасы кетті, қайда жөнелтілді, ақпар жинап, бөлімшеге есеп береді. Сонан соң, бүгінгі күнге қанша пойыз-вагон қабылдауға мүмкіндігі барын хабарлайды. Тиісті мамандармен жедел жиын өткізіп, нұсқаулықтар береді. Желі бойына шығып жолды тексереді, келіп-кеткен пойыздар жұмысы сараланады. Станцияда тәулігіне орта есеппен 400-450 вагон сұрыпталып, жан-жаққа таратылады. Станцияның 9 кірме жолы бар. Оларда да жүк түсіріліп, тиеледі.



– Станцияда бес мыңға жуық тұрғын бар. Аққөл ауылы тұрғындарының басым көпшілігін жұмыспен қамтып отырған теміржолдың барлық құрылымдық мекемелері, яғни локомотив, жол, байланыс, электрмен қамту, т.б. Станцияның өзінде бүгінгі күні 157 адам еңбек етеді. Оның ішінде пойыз құрастырушылар, станция кезекшілері, жүк кассирлері, тасымалдау құжаттарын өңдеу операторлары, жүк-багаж қабылдаушы, белгі беруші, ЭВМ операторы, т.б. Бәрі де тәжірибелі мамандар, өз міндеттеріне және қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына жауапкершілікпен қарайды, – дейді Исатай Баяров.

Кезінде Гурьев теміржол техникумын бітірген ол жолдамамен еңбек жолын Маңғыстау станциясында пойыз құрастырушының көмекшісі болып бастаған. Содан бері теміржол саласында табан аудармай 40 жылдай еңбек етіп келеді. Сонымен қатар станцияның 20 маманы, яғни тауар кассирлері, жүк қабылдап-жөнелтушілер, ЭВМ операторлары Ресейге қарасты Ақсарай станциясында ауысыммен жұмыс жасайды. Олардың міндеті транзитті жүктердің құжаттарын өңдеп, тапсыру, сондай-ақ, Қазақстанға өтетін жүктерді қабылдап алу. Бұл жұмысшыларға арнайы бір жолаушылар вагоны бөлініп отыр, таңертең, түсте, кешке әрлі-берлі қызмет орнына баратын және ауысымнан шыққан жұмысшыларды бір тепловоз тасымалдайды. Ақсарай станциясында мамандарға жұмыс жасау үшін барлық жағдай жасалған.

Біз барғанда станция кезекшісі Жанғатаев Ержан мен оның көмекшісі Утепова Индира станцияға келген пойыздарды қадағалап, қай пойыздың қай жолға баратынын, қай вагонның қай жолда сұрыпталатынын хабарлап отырды. Ал пойыз құрастырушы Нұрлан Сәрсенов вагондар астына башмақ қойып, бір вагонды ағытып, бірін жалғап жүрсе, белгі беруші Нәсіп Капетова станцияға келген пойыздардың нөмірін жазып алып, станциядағы қарбалас жұмыс жалғасып жатты. Айта кетерлігі, бұрын тек қазақстандық тепловоздар ғана жүк пойыздарын тасымалдайтын болған, ал соңғы уақыттары екі ел келісіміне сәйкес елуге елу принципімен тасымалдануда. «Бұл әрине экономикалық тұрғыда біз үшін тиімсіз» дейді теміржолшылар...

*Суретті түсірген автор*

№52 (2660) 13/07/2021

# НАРАЩИВАЯ ОБЪЕМЫ ПОГРУЗКИ

ИТОГИ

**По итогам июня 2021 года в Костанайском отделении грузовых перевозок перевыполнили план погрузки зерна, продуктов перемола и строительных грузов.**



**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по логистике Ерден Аманов, всего по итогам июня в регионе погружено 41 395 вагонов (2 млн 770,8 тыс. тонн). В том числе в среднем в сутки отгружалось 1 380 вагонов, или 92,4 тысячи тонн.

Что касается основной номенклатуры, строительных грузов погружено 1 024 вагона (68,6 тыс. тонн) при плане на июнь 601 вагон (36,4 тыс. тонн). Таким образом, погружено на 423 вагона и 32,2 тысячи тонн выше плана.

Зерна при плане погрузки на июнь 2 371 вагон (156,4 тыс. тонн) погружено 3 272 вагона (225,7 тыс. тонн). В результате погружено на 901 вагон (69,3 тыс. тонн) выше плана. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года погрузка увеличена на 64,2 тысячи тонн.

Продуктов перемола при плане погрузки 1 200 вагонов (79,2 тыс. тонн) фактически отгружено 1 382 вагона (91,3 тыс. тонн). Погружено выше плана на 182 вагона (12 тыс. тонн).

– Железнодорожники региона продолжают работать над увеличением объемов погрузки. И особенно это удается по продукции основной номенклатуры, – говорит Ерден Аманов. – Мы и в дальнейшем продолжим эффективно трудиться и прилагать максимум усилий для увеличения объемов отгрузки.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ТОРМОЖЕНИЯ ПРЕДУПРЕДИЛИ НАЕЗДЫ

БЕЗОПАСНОСТЬ

**За шесть месяцев текущего года в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо зафиксирован 51 случай применения экстренного торможения поезда. Это на 15 больше, чем за аналогичный период прошлого года.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Применяя экстренные торможения, локомотивные бригады чаще всего предотвращают наезды на людей. На втором месте – на скот.

